

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 245 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2005 жылғы 18 қарашада Киев қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

(2006 жылғы 27 шілдеде күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті (бұдан әр і - Тараптар) ,

1994 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шарттың мақсаттары мен қағидаттарына өздерінің адалдықтарын растай отырып ,

1993 жылғы 22 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық құпияларды сақтауды бірлесіп қамтамасыз ету туралы келісімді басшылыққа ала отырып ,

Тараптар мемлекеттерінің өзара құрметіне, сеніміне және мүдделерін ескеруге негізделген өзара тиімді ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа ұмтыла отырып ,

Тараптар мемлекеттерінің қорғаныс қабілетін нығайту қажеттілігіне сүйене отырып ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты Тараптар мемлекеттерінің арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту және реттеу болып табылады.

2-бап

Тараптар әскери-техникалық ынтымақтастықты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларының ережелеріне негізделген, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін ғылыми, өндірістік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы келісілген іс-қимыл ретінде қарастырады.

3-бап

Тараптар әскери-техникалық ынтымақтастықты мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады :

1) Тараптар мемлекеттерінің қарулы күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары үшін келісілген әзірлемелерді, қару-жарақты, әскери техника мен басқа да материалдық құралдарды өндіруді, жаңғыртуды және жөндеуді, қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі үлгілерін, жеке қорғанудың арнайы құралдарын жаңғырту және олардың жаңа түрлерін игеру мақсатында қорғаныс өнеркәсібі кешенінің қолда бар жөндеу кәсіпорындарын бірлесіп ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру ;

2) Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес бекітілген тізбелер бойынша қару-жарақтың, әскери техниканың, қосалқы бөлшектердің, техникалық құжаттаманың және әскери-техникалық мүліктің жеткізілімдері;

3) қару-жарақты, әскери техниканы және басқа да материалдық құралдарды бірлесіп құруға және өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және жұмылдыру әлеуеттерін, ғылыми- эксперименталдық базасын сақтау және дамыту ;

4) осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес бір Тараптың басқа Тарапқа шарттық негізде немесе бірлесіп іргелі, ізденістік және қолданбалы зерттеулер, перспективалық ғылыми-техникалық және технологиялық әзірлемелер, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

5) қару-жарақ пен әскери техниканы стандарттау және біріздендіру, Тараптар мемлекеттерінің қарулы күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын метрологиялық қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимыл;

6) қару-жарақ пен әскери техниканы жауынгерлік әзірлік жағдайында ұстаудағы өзара іс - қимыл ;

7) жауынгерлік пайдалануға жарамсыз қару-жарақ пен әскери техниканы кәдеге жарату жөніндегі жұмыстарды бірлесіп жүргізу;

8) қару-жарақты, әскери техниканы өткізу (сату), әскери және арнайы мақсаттағы қызмет көрсетулер саласындағы ынтымақтастық;

9) бір Тараптың екінші Тарап мемлекетінің әскери және өндірістік инфрақұрылымының элементтерін, жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылған полигондарының, ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханаларының мүмкіндіктерін

пайдалануы немесе осы Келісімге сәйкес оларды шарттық негізде бірлесіп пайдалануы;

10) әскери топогеодезия саласындағы ынтымақтастық;

11) әскери-техникалық кадрлар мен мамандарды даярлау және оқыту;

12) әскерлерді басқару және техникалық қамтамасыз ету процестерін - басқаруды автоматтандыру кезінде қолданылатын немесе қолдануға жоспарланатын перспективалық ақпараттық технологиялардың біріздендірілген бағдарламалары мен техникалық құралдарын пайдалану саласындағы ынтымақтастық.

Осы Келісім шеңберіндегі қаржылық міндеттемелерге байланысты Тараптар арасындағы қатынастар жекелеген шарттармен реттеледі.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

қазақстандық тараптан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;

украиналық тараптан - Украина Қорғаныс министрлігі, Украина Өнеркәсіптік с а я с а т м и н и с т р л і г і .

Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі үкіметаралық қазақстан-украина бірлескен комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құратын болады.

Комиссия Тараптар белгілеген мерзім ішінде өз қызметі туралы Тараптармен бекітілетін Ережені әзірлейді.

5-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асырады:

Тараптар мемлекеттері уәкілетті органдарының арасында халықаралық шарттар жасасу, әскери-техникалық бағдарламалар әзірлеу;

хаттамаларды ресімдей отырып, Комиссия мен оның жұмыс органдарының о т ы р ы с т а р ы н ө т к і з у ;

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттері уәкілетті органдары және/немесе кәсіпорындары мен ұйымдары арасында шарттар (к е л і с і м - ш а р т т а р) ж а с а с у ;

әскери-техникалық ынтымақтастықтың нақты мәселелері бойынша консультациялар өткізу, мамандар шақыру, тәжірибе және ақпарат алмасу.

6-бап

Осы Келісімнің шеңберінде өнімдердің жеткізілімін, жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуді кәсіпорындар мен ұйымдар Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары арқылы шарттық негізде Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.

Жеткізілімнің көлемі мен тәртібі, жұмыстар жүргізу мен қызметтер көрсету жекелеген шарттармен (келісім-шарттармен) реттелетін болады.

Шарттар (келісім-шарттар) бойынша міндеттемелерді орындау үшін жауапкершілікті оларды жасасқан субъектілер көтереді.

7-бап

Тараптар жасалған шарттарға және Тараптар мемлекеттерінің әскери өкілдіктеріне берілген өкілеттіліктерге сәйкес өз мемлекеттерінің кәсіпорындарында Тараптар мемлекеттерінің қолданылып жүрген техникалық және нормативтік құжаттамаларына сәйкес әскери мақсаттағы және осы өнімге жинақтаушы өнімдерді қабылдауды жүзеге асырады және қабылдау нәтижелерін өзара таниды.

8-бап

Тараптар құпия ақпараттарды өзара қорғау туралы үкіметаралық келісім күшіне енгеннен кейін ғана құпия ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Тараптар зияткерлік меншік құқығын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Тараптардың бір де бірі беруші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз қару-жарақты, әскери техниканы немесе оларды өндіру жөніндегі техникалық құжаттаманы, беруші Тараптан алынған немесе осы Келісімнің шеңберінде бірлесіп құрылған әскери-техникалық саладағы тәжірибелік және конструкторлық жұмыстар жөніндегі ақпаратты үшінші тарапқа сатпайды және бермейді.

Ақпарат алмасу және зияткерлік меншік құқығын қорғау мәселелері жеке Келісімде реттелетін болады. Осындай Келісім жасалғанға дейін ақпарат алмасу және зияткерлік меншік құқығын қорғау мәселелері әрбір жеке шартпен (келісім-шартпен) реттелетін болады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

12-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде бірі кезекті бес жылдық мерзім аяқталардан кем дегенде алты ай бұрын оның қолданыста болуын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, осы мерзім келесі бес жылдық мерзімдерге өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің қолданыста болуының тоқтатылуы оларға қатысты өзгеше жазбаша уағдаластық болғаннан басқа жағдайларда, бұдан бұрын осы Келісімнің шеңберінде басталған бағдарламалар мен жобалар шарттарының (келісім-шарттарының) орындалуына әсер етпейді.

Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің 9-бабының ережелерін сақтауды жалғастырады.

1994 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім осы Келісім күшіне енген күннен бастап өз күшін тоқтатады.

2005 жылғы 18 қарашада Киев қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Украинаның Министрлер

Кабинеті үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК